

## 2023-2024 оқу жылына «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КЕАҚ жатақханаларына орналасу Ережесі

Жатақхана алуға құқылы:

1. Әлеуметтік топқа жататын студенттер:

- жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; оқитын мүгедек балалар;
- көпбалалы отбасылардан шыққан (3 және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалар және ЖОО, ОББМ күндізгі бөлімде оқитын балалар, оқуға және еңбек қызметіне қабілеті жоқ мүгедек балалар тәрбиелейтін);
- оқитын балалардың ата-анасының (біреуі немесе екеуі) мүгедектігі;
- толық емес отбасынан шыққан оқитын балалар;

2. «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша грант иегерленуші студенттер;

3. Қарағанды қаласынан алшақ тұратын және күнделікті үйіне жол жүруге мүмкіндігі жоқ студенттер;

- Жатақханаға тұруға ниеттелген студенттер тәрбие ісі жөніндегі проректорға жатақхана ұсынуына өтініш жазу, 3\*4 көлемде 2 фотосурет, жеке басын растайтыны жөніндегі құжаттың көшірмесін, төлем туралы түбіртектің көшірмесін, тұрғылықты тіркеу құжатын ұсынуы керек;

- «Армандастар Ордасы» жатақханасында тұру құны айына – 17 000, № 1 және «Студенттер үйі» жатақханаларында тұру құны айына – 10 000 теңге;

- Студенттерді жатақханаға орналастыру 2024 жылдың 25 тамызынан басталады;

- Екі түрлі жынысты студенттерге бір бөлмеде тұруға жол берілмейді, ескертуден тыс егер студенттер бір отбасынан болса (талаптарға сай туысқан екендігін растайтын құжаттардың болуы).